



Төлепбергенова Гүлнұр Шаймерденқызы
*«АЛЖИР» мемориалды-музейі кешені
экспозициялық-көрме жұмысы бөлімінің
біліктілігі жоғары деңгейдегі маманы*

АЛЖИР МЕМОРИАЛДЫ-МУЗЕЙІ КЕШЕНІНІҢ ҒЫЛЫМИ-ЖИНАҚТАУ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ҰРПАҚТАРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСТІГІ

«АЛЖИР» мемориалды-мұражай кешенінің ғылыми қор жинау қызметі ХХ ғасырдың 1930–1950-жылдардағы жаппай саяси қуғын-сүргін тарихы тақырыбындағы архивтік құжаттарды жинау, танып білу және мақалалар мен баяндамаларда, айтулы күндер мен даталарға арналған көрмелердің тұсаукесерлерінде, сонымен қатар экскурсиялық қызметте пайдалануға құрылған.

Мұражай қорында 2003 жылы Астана қаласы мен Ақмола облысы заңсыз қуғын-сүргін қауымдастығы шығарған «АЛЖИР» тұтқындары» кітабында 7 259 тұтқын әйелге қысқаша ақпарат бар.

Аталған кітап бойынша мұражай қызметкерлері ұлт өкілдері бойынша тұтқын әйелдердің тізімін жасады, сонымен қатар «АЛЖИР» тұтқындарының тұтқындалғанға дейінгі өмірі, лагерьдегі өмірі мен лагерден босатылғаннан кейінгі өмірі көрсетілген «АЛЖИР» тұтқындарының мәліметтер базасы жасалуда. Ол үнемі жаңа архивтік құжаттармен толықтырылып отырады.

Мұражай қызметкерлері «АЛЖИР тұтқындары» кітабына кірмеген тұтқын әйелдердің тізімін жасады. Олардың естеліктері бойынша лагерьде кеңестер одағы кезіндегі эстрада әншісі, Ресей Федерациясының еңбек сіңірген әртісі – Лидия Русланова, кеңес актрисасы, құрметті РСФСР әртісі – Татьяна Окуневская, кеңес бард әншісі Булат Окуджаваның анасы – Ашхен Налбандян, кеңес жазушысы – Галина Серебрякова және т.б. Бүгінде олардың есімдері Зерде қабырғасындағы тізімге еңгізілді.

Гулагтың лагерлері арқылы 18 мыңнан астам әйелдер этаппен өтті, оларды үнемі лагерден лагерьге ауыстырып отырған. «АЛЖИР»-де бір мезгілде 8 мыңға жуық әйел отырған. Олардың ішінде көбі орыстар – 4 390 (50%),

еврейлер – 855 (20%), украиндар – 740 (15%) және қазақ – 87 (2%) әйелдері болды. Сонымен қатар, лагерде неміс, француз, швед, жапон, норвеж, австрийлік, поляк, грузин, армян, әзірбайжан, литов, латыш және т.б. ұлттың әйелдері жазасын өтеген. «АЛЖИР»-де 600-ге жуық (нақты саны анықталып жатыр) әйел қайтыс болған.

«АЛЖИР» мұражайының ғылыми-зерттеу жұмысы қызметіндегі жетістіктердің бірі Қазақ КСР денсаулық сақтау халық комиссары Хасен Нұрмұхамедовтың әйелі Кира Берсенева лагерьде атылмағанын анықтау.

«АЛЖИР» тұтқыны Сағадат Таштитова «**Біз күәлік етеміз**» деректі фильмінде Кира Берсеневанын атылғанын айтқан болатын.

Кира Берсенева лагерьден 1943 жылы босатылып, Кострома облысының Буй қаласына кеткен. Өмірінің соңғы жылдарын Мәскеу облысындағы Зеленогорск қаласында өткізген. 1987 жылы өмірден озды. Хасен мен Кираның ұлы Леон бүгінде Санкт-Петербург қаласында тұрады.

Бүгінде Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты «АЛЖИР»-де **азап шеккен аналар тағдыры (1938–1953 жж.)** ғылыми жобасы мен музей мен институт арасында жасалған ынтымақтастық туралы меморандумы аясында мұражай қорындағы «АЛЖИР» тұтқындарының архивтік құжаттары негізінде «**ГУЛАГ архипелагы**» монографиясын жарыққа шығаруда.

Мұражай қорын толықтырудың негізгі көзі іс-сапар кезінде материал жинақтау болып табылады.

Бүгінде «АЛЖИР» мұражайының қоры **18 мыңнан астам** жәдігерді құрайды, аталған материалдардың көп бөлігі Қазақстан, Ресей, Беларусь, Өзбекістан, Грузия және Израиль елдерінің қалалары бойынша зерттеу іс-сапарларында жинақталған.

2011 жылы Әзірбайжан елшілігі мұражай қорына әзірбайжан ұлтты **43** әйелдің архивтік құжаттарын табыс етті.

Мұражай қорына белорус ұлтты тұтқын әйелдерінің мыңға жуық архивтік құжаттарды 2017 жылғы шілдеде Астанаға сапары кезінде Беларусь Республикасының Президенті Александр Лукашенко ҚР Тұңғыш Президенті-Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа тапсырған еді.

Зерттеу іс-сапар аясында мұражай қызметкерлері Алматы, Қостанай, Атырау, Ақтөбе, Қызылорда қалаларының Ішкі Істер Департаментінің архивтерінде, ҚР Президенттік архивінде, Орталық мемлекеттік архивінде, Санкт-Петербург қаласының «Мемориал» ғылыми-ақпараттық орталығында, Орынбор облысының архивінде, Орынбор Омбы облысының тарихи облысының жаңа заман тарихы құжаттамасының орталығында, Ресей Ғылым академиясы Орталық Ұлттық кітапханасында, Өзбекістан Республикасының архивінде, Екатеринбург Халықаралық саяси қуғын-сүргін сүргін құрбандарының «Мемориал» қорында зерттеу жұмыстарын ұйымдастырды, соның нәтижесінде мұражай қоры 1937-1938 жылдардағы саяси қуғын-сүргін құрбандарына қатысты сирек архивтік материалдармен толықты.

Мұражай Қазақстандағы Италия, Германия, Украина, Польша, Словакия елшіліктерімен бірлесіп **«Карлагта отырған итальяндықтардың тағдырлары»**, **«Қазақстанға немістердің қоныс аудару тарихынан»**, **«Украина және Қазақстан: болашақ пен бүгінге көзқарас»** дөңгелек үстел жұмысы, Словакия Ұлттық көтерілісінің 70 жылдығына және Сикор-Май келісім шартына қол қойылғанына 75 жыл толуына орай Генерал Андерстің қызы Анна-Мария Андерс **ашқан «Андерс армиясы – үміт жолы»** көрмесінің тұсаукесері ұйымдастырылды.

2010 жылы Қазақстан Халқы Ассамблеясы «АЛЖИР» мемориалды-мұражай кешенімен бірлесіп ТМД-ға қатысушы-елдердің мемлекетаралық гуманитарлық әріптестік қорының қолдауымен **«Тарихтан тағылым – Өткенге тағзым»** Халықаралық жобасын ұйымдастырды. Жоба аясында **«Тарихтан – қазіргі заманға»** атты достастық елдері тарихшыларының форумы, **«Тағдырларды біріктірген Қазақстан»** кітабының тұсаукесері мен Қазақстанда, алыс және жақын шетел елдерде тұратын саяси қуғын-сүргін құрбандарының ұрпақтарымен кездесу өткізілді.

2016 жылы мұражай ұжымы ИКОМ-ның ұйымдастыруымен Италия мемлекетінің Милан қаласында **«Museums and cultural landscapes»** тақырыбында өткен 24-шы Бас конференцияға қатысты.

2017 жылғы 29 мамырда Астана қаласының әкімдігі мен Саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарының «АЛЖИР» мемориалды-мұражай кешенінің ұйымдастыруымен мұражайдың 10 жылдығы мен саяси қуғын-сүргіннің басталғанына 80 жыл толуына орай **«Ұрпақтар ұмытпайды»** Халықаралық жобасы өткізілді. Жоба аясында Халықаралық ғылыми-практикалық конференция, қуғын-сүргінге ұшырағандардың ұрпақтарымен кездесу және **«Ұрпақтар ұмытпайды»** атты саяси қуғын-сүргін құрбандары балаларының естеліктер жинағының тұсаукесері ұйымдастырылды.

2018 жылы мұражай қызметкерлері Бухарест университетінде Румыниядан, Ресейден, Португалиядан, Хорватиядан, Англиядан, Грузиядан, Болгария және Грекиядан мұражай қызметкерлері мен зерттеушілердің қатысуымен өткен **«Көпірлер тұрғызу: музейлер мен ескерткіш орындардың көмегімен Еуропадағы бұрынғы үстемшілдік рухты есте сақтау»** тақырыбындағы Халықаралық конференцияға қатысты.

2020 жылы мұражай Берлин қаласында АҚШ, Ресей, Македония, Индия, Сербия, Украина, Болгария, Ауғаныстан, Канада, Израиль, Италия, Польша, Португалия мен Оңтүстік Африка республикасынан көрнекті тарихшылардың, ғалымдардың, қоғамдық ұйым басшыларының және Қазақстаннан, Аргентина мен Чилиден музей қызметкерлерінің қатысуымен **«Германияның XX ғасыр тарихына көзқарасы»** тақырыбында өткен веб-семинарға қатысты.

Сонымен қатар, 2020 жылы Ливерпуль университеті мен Назарбаев университеті арасындағы **«АЛЖИР Гулаг: қиын мұра, көптілділік және мемориализация»** атты халықаралық ғылыми жоба негізінде Назарбаев университетінің ассоциативті профессоры Гүлнар Әбілдақызы Омарбекова мен Ph.D әлем тілдері, әдебиеті және мәдениеті кафедрасының ассистент-профессоры Габриэль Макгуирмен кездесу болды. Кездесу мақсаты – мұражай қорындағы «АЛЖИР» тұтқындарына қатысты архивтік құжаттармен танысу.

Мұражайдың негізгі және ғылыми-көмекші қорларының материалдары бойынша **«Тағдырларды біріктірген Қазақстан»** кітабы, **«Елбасының бастамасымен ашылған еді»** каталогы, **«ALASH – ALZHIR»** екі томдық кітабы, «АЛЖИР» тұтқындары мен олардың балаларының **«"ALJİR. Qorqinişti tüstey ...Kak strashnyi son..."**, **«Ұрпақтар ұмытпайды»** атты естеліктер жинақтары жарыққа шықты.

Репрессия құрбандары ұрпақтарын әлеуметтік желілер арқылы іздеу бойынша белсенді жұмыс атқарылуда. «АЛЖИР» тұтқындары Хадича Ахмедовна Газиева-Таированың, Зоя Абдрахмановна Сағдағалиеваның, Шукюр Бейли Минабар Абуш қызының, Адия Фазыловна Шамгунованың, Александра Михайловна Стойкевичтың, Изабелла Степановна Киселеваның, Ирина Людвиговна

Столярскаяның, Зельда Кульбактың және т.б. ұрпақтарымен байланыс орнатылды.

Лагерде 62 ұлттың әйелдері өз мерзімін өтеген. Тұтқын әйелдерге деген естелікті мәңгі сақтау үшін Қазақстан Республикасындағы шетелдік мемлекеттердің елшіліктері мұражай аумағында Ескерткіш белгілер орнатуда.

Олардың бейнесі мәңгі жадымызда сақталады...!
